

«НАРТАЙЛАҚ» БӨБЕКЖАЙ – БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ



Бекітемін: _____

«Нартайлақ» бөбекжай – бақшасының
менгерушісі: А.Н. Сулейменова

Бес білім беру дағдысы бойынша «Құлыншақ» ересек тобына арналған ұйымдастырылған іс – әрекетінің
перспективалық жоспары
(сәуір айы)

Бекітуге ұсынамын: _____

«Нартайлақ» бөбекжай – бақшасының
әдіскері: Г. Қ. Тастан

Жаңақоныс ауылдық округі

2024 – 2025 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Сәуір	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар:Бағытты және қарқынды өзгертіп жүру; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып, гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы кадаммен өрмелеу, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр),секіру. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру Жалпы дамытушы жаттығулар:Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Спорттық жаттығулар: велосипед тебу; оңға, солға бұрылу. Қимылды ойындар:ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Дербес қимыл белсенділігі:Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау Салауатты өмір салтын қалыптастыру:Дене белсенділігі (танертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:, тамақтанып болғаннан кейін аузды шаю.	Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен қимылды ойындарды ойнайды; өз бетінше ойнайды және спорттық ойындардың ережелерін сақтайды; жеке гигиенаның бастапқы дағдыларын сақтайды; өзінің сыртқы келбетін өз бетінше реттейді; салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерге ие
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Фонематикалық естуді дамыту: Сөздік қор: Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға»,ас кайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы. Тілдің грамматикалық құрылымы: етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Байланыстырып сөйлеу:бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.	Қазақтың ұлттық тұрмыстық заттарын таниды, атайды; қазақ халқының құндылықтарын құрметтейді;

Көркем әдебиет	Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға үйрету	Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Сәлемдесуде өтінішін білдіруге, ырзашылдығын білдіруге сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Ү дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу Сөздік қор Баланың сөздік қорын дамытуда тапқақ жаттауға баулу Тілдің грамматикалық құрылымы Сын есімді үйрету Байланыстырып сөйлеу Шағын ертегі, шығарма бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге баулу	Сәлемдесуде, өтінішін білдіруге сыпайы сөйлейді. Ү дыбысын өздігінен дұрыс айтады. Тапқақты жатқа айтады. Шағын Ертегі, шығарма бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.
Математика негіздері	Сан, санау: 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Шама: Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. Геометриялық пішіндер: қалың-жұқа немесе ұзындығы ұғымдарын үйрету.	5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Заттық әлем: Қоршаған орта заттарын пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу. Еңбекке баулу: Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие: Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, тәрбиелеу. Менің Отаным-Қазақстан: ҚР көрікті жерлері. Жолда жүру ережелері: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау.	Отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы біледі. отбасындағы үлкендерді сыйлайды, құрметтейді, кішілерге қамқорлық танытады;

	Өлі табиғат құбылыстары мен заттары: Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру Өсімдіктер әлемі: Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, Жануарлар әлемі: Жандіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту. Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормалары: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше өт жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау)	
Құрастыру	Қағаздан құрастыру: Қағаздардан композиция құрастыру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Ұқыштылыққа тәрбиелеу.	Бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастырады
Суретсалу	Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.	Суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояу тәсілдерін біледі; қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізеді
Мүсіндеу	Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру	Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді; бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді байланыстырады;
Жапсыру	Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.	Қазақ оюларының бөліктерінен, өсімдік және геометриялық пішіндерден өрнектер жасайды, оларды кезектестіріп ретімен

			желімдейді
	Музыка	Ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, Әнді топ пен бастап топпен аяқтауды менгерту, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау,	Ақырын, қатты, баяу, жылдам жоғары дыбыстарын ажыратады. Әндерді қимылмен сүйемелдеумен орындайды әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтайды; ұлттық би өнеріне қызығушылық танытады, би қимылдарын орындайды;